

## **Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіппен өткізу ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 мамырдағы N 741 қаулысы. Қаулысының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 217 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы Заңымен бекітілген Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттер шекарасынан еркін және тең құқылы өтуін және олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз тасымалдауын қамтамасыз ету туралы келісімді орындау үшін және Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 264, 273 және 317-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <\*>

*Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 569 қаулысымен .*

1. Қоса беріліп отырған Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіппен өткізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі бір ай мерзімде оларды өткізуші тұлғалардың санаттарына қарамастан, жеке тұлғалардың белгіленген нормаларға сәйкес тауарларды өткізуін бақылаудың тетігін реттейтін нормативтік құқықтық кесімді әзірлесін және бекітсін.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап отыз күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**Қ а з а қ с т а н        Р е с п у б л и қ а с ы**

**Ү к і м е т і н і ң**

**2 0 0 1      ж ы л ғ ы      3 1      м а м ы р д а ғ ы**

**N    7 4 1        қ а у л ы с ы м е н**

бекітілген

**Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіппен өткізу ЕРЕЖЕСІ**

*Ескерту. Мәтіндегі "коммерциялық" деген сөз "кәсіпкерлік" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 569 қаулысымен .*

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуінің жеңілдетілген, оңайлатылған тәртібін а й қ ы н д а й д ы . < \* >

*Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.21. N 1136 қаулысымен .*

2. Жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасына әкелуге немесе Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарларды қоспағанда, кез келген тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізе алады.

3. Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелуі және Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетуі кеден төлемдері мен салықтарын төлеу, тарифтік емес реттеу шараларын сақтау, сондай-ақ жеке тұлғалардың тауарларды жеңілдетілген тәртіппен өткізуін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да талаптарды орындау шартымен жүзеге асырылады.

4. Жеке тұлғалардың тауарларды өткізуінің жеңілдетілген тәртібі кедендік төлемдерден толық босатуды және осы Ереженің 11 және 14-тармақтарына сәйкес кеден баждарының бірыңғай ставкаларын белгілеуді қамтиды. <\*>

Салықтардан босату салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Кедендік төлемдерден толық босатыла отырып, жеңілдетілген тәртіппен өткізілетін тауарлар өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызмет үшін п а й д а л а н ы л м а й д ы . < \* >

*Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.21. N 1136 қаулысымен .*

5. Оңайлатылған тәртіп Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі (бұдан әрі - ҚР КБА) белгілейтін тәртіппен мәлімдеудің оңайлатылған нысанын қолдануды көздейді. <\*>

*Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.21. N 1136 қаулысымен.*

*Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен.*

6. Қазақстан Республикасының кеден аумағында/одан тысқары жерлерде тұрақты болу немесе тұтынылу мақсатында жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарлардың арналуын осы Ережеге 1-қосымшада көрсетілген өлшемдерге сәйкес кеден органының лауазымды тұлғасы айқындайды.

7 . Кеден төлемдері мен салықтары төленбеген және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптары орындалмаған жағдайда, жеке тұлғалар әкелетін (әкететін) тауарлар, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде немесе Қазақстан Республикасының халықаралық

шарттарында мұндай тауарларды тәркілеу көзделмесе, Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 91-бабына сәйкес уақытша сақтау қоймаларына орналастырылады не жеке тұлғаның тілегі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге (Қазақстан Республикасының аумағына) дереу қайтарылуы м ү м к і н . < \* >

*Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 569* қаулысымен .

8. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағында тұрақты тұратын тұлғалар үшін көзделген кедендік төлемдерден толық босатыла отырып, жеңілдетілген тәртіппен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу: <\*>

жеке тұлғаның Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің бірінің аумағында тұрақты тұратындығы фактісін;

тауарлардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылғандығын растайтын қолданылып жүрген құжаттар болған жағдайда жүзеге асырылады .

*Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.21. N 1136* қаулысымен.

9. Тауарлардың шыққан елін растайтын құжаттарды ұсыну Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 33-43-баптарына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. <\*>

*Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 569* қаулысымен .

10. Осы Ережеде көзделмеген барлық жағдайларда не жеке тұлға тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізудің оңайлатылған, жеңілдетілген тәртібін қолданудан бас тартқан кезде, кедендік ресімдеудің жалпы белгіленген тәртібі қолданылады.

## **2. Жеке тұлғалардың тауарларды әкелуі (әкетуі)**

11. Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы жүретін жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына (кеден аумағынан) әкелетін (әкететін) тауарларды өткізуінің жеңілдетілген тәртібіне сәйкес кедендік ресімдеу мынадай жағдайларда:

1) осы мемлекеттерде тұрақты тұратын жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттерден (қатысушы мемлекеттерге) осы мемлекеттерде шығарылған және өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызмет үшін арналмаған тауарларды әкелуі (әкетуі) кезінде;

2) үшінші елдерден (үшінші елдерге) шығарылған, өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызмет үшін арналмаған, жол жүгінің жалпы салмағы бір адамға шаққанда 50 (елу) килограмға дейінгі шектегі жалпы құны 1000 (мың) АҚШ долларына баламалы сомадан аспайтын тауарларды әкелу (әкету) кезінде;

3) Қазақстан Республикасына (шет мемлекетке) тұрақты тұру үшін қоныс аударған жеке тұлғалардың өндірістік және өзге де кәсіпкерлік қызмет үшін арналмаған тауарларды әкелуі (әкетуі) кезінде кеден төлемдерін төлеуден толық

босатылып (сақтағаны үшін алымдарды қоспағанда), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасына әкелуге немесе Қазақстан Республикасынан әкетуге шектеу қойылған тауарларды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан жүргізіледі. <\*>

*Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.21. N 1136 қаулысымен.*

12. Осы Ереженің 11-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тауарларды мәлімдеу ауызша нысанда жүргізіледі.

13. Осы Ереженің 11-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тауарларды мәлімдеу олардың құны мен санына қарамастан оңайлатылған нысанда жүргізіледі.

14. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін жалпы салмағы қоса есептегенде 200 (екі жүз) килограмға дейін болатын тауарларды кедендік ресімдеу, олардың құны 10000 (он мың) АҚШ долларынан аспауы шартымен, осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес кедендік баждардың бірыңғай ставкасы және тарифтік емес реттеу шаралары қолданыла отырып, жеңілдетілген тәртіппен жүргізіледі. Мұндай тауарларды мәлімдеу оңайлатылған нысанда жүзеге асырылады.

Акцизделетін тауарларды және Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына (бұдан әрі - СЭҚ ТН) сәйкес 01, 2201-2202, 2209, 2401, 2403, 29, 30, 84, 86, 87, 88, 89, 9018-9022, 93, 97 тауар топтары мен айқындамалары бойынша жіктелетін тауарларды кедендік ресімдеу жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі. < \* >

*Ескерту. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.21. N 1136 қаулысымен.*

15. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы өткізетін тауарлардың кедендік құны Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 306 және 309-баптарында көрсетілген іс жүзіндегі шығыстар ескеріле отырып, шетелдік сауда ұйымдары анықтамаларының, чектерінің, шоттарының, түбіртектерінің, тауарлы-көліктік жүк құжаттарының, сондай-ақ жүк чектерінің немесе түбіртектерінің негізінде айқындалады. <\*>

Жеке тұлға мәлімдеген кедендік құнды растайтын құжаттар болмаған жағдайда тауарлардың кедендік құны Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 310, 311, 312, 313 және 314-баптарына сәйкес айқындалады. <\*>

*Ескерту. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 569 қаулысымен.*

### **3. Жеке тұлғалардың тауарларды уақытша әкелуі (әкетуі)**

16. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жүрген кезде бұл тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағында (уақытша болатын елде) жеке пайдалануы үшін қажетті тауарларды, бастапқы келген (кеткен) кезде тауарларды кеден органдарына мәлімдеуі шартымен, кеден төлемдері мен салықтарын төлеместен уақытша әкеле (әкете), сондай-ақ уақытша

әкелінген (әкетілген) тауарларды кері әкете (әкеле) алады.

Мұндай тауарлардың тізбесі осы Ережеге 2-қосымшада келтірілген.

Уақытша әкелінген тауарлар иеліктен шығарыла, басқа тұлғалардың иелігіне, пайдалануына немесе билігіне беріле алмайды.

17. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұрақты тұрғылықты жері бар тұлғалар ғана тауарларды жеңілдетілген, оңайлатылған тәртіппен Қазақстан Республикасының кеден аумағына уақытша әкеле, ал Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын жері бар және Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге уақытша шығатын тұлғалар - көрсетілген тәртіппен уақытша әкете алады.

18. Жеке тұлғалардың тауарларды жеңілдетілген, оңайлатылған тәртіппен уақытша әкелуіне (әкетуіне) кеден органы сапардың мақсаттары мен барлық өзге де жағдайларын (ұзақтығы, маусымы және с.с.) ескере отырып және тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында (уақытша болған елде) іс жүзінде болу уақытынан аспайтын мерзімге рұқсат етеді.

*Ескерту. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 569 қаулысымен .*

#### **4. Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы жеке тұлғалар тауарларының транзиті**

19. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін, құны қоса есептегенде 10000 (он мың) АҚШ долларына дейінгі тауарларды (акцизделетін тауарларды және СЭҚ ТН-ға сәйкес 01, 2201-2202, 2209, 2401, 2403, 29, 30, 84, 86, 87, 88, 89, 9018-9022, 93, 97 тауар топтары мен айқындамаларында жіктелетін тауарларды қоспағанда) мәлімдеу олардың жалпы салмағы 200 (екі жүз) килограмнан аспауы шартымен Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес тауарлардың транзиті режиміне қойылатын талаптарды сақтап, мәлімдеудің оңайлатылған нысаны қолданыла отырып жүргізіледі. < \* >

*Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.10.21. N 1136 қаулысымен.*

#### **5. Тауарларды халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізу**

20. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден аумағынан не жеке тұлғаның атына Қазақстан Республикасының кеден аумағына халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберетін, өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызмет үшін арналмаған тауарларды кедендік ресімдеу олардың салмағы 31 (отыз бір) килограмнан аспауы, ал жалпы құны қоса есептегенде 1000 (мың) АҚШ долларына баламалы сомадан аспауы шартымен кеден төлемдерін төлеуден толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан жүргізіледі.

21. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес мұндай жіберуге тыйым салынған тауарлар халықаралық почта жөнелтілімдерімен Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуге жатпайды.

Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіппен өткізу ережесіне

1-қосымша

**Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарлардың мақсатқа арналуын айқындаудың өлшемдері**

Тауарлар өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызмет мақсатына арналған деп қарастырылады, егер:

1. Тауарларды өткізу жиілігі айына 1 (бір) реттен асатын болса;
2. Тауарлардың сипаты мына төмендегі санаттардың біріне сәйкес келсе:
  - 1) көлік құралдары мен олардың бөлшектері, оның ішінде жол полициясы органдарында есепке алуға жататындар;
  - 2) Қазақстан Республикасының кеден аумағына Қазақстан Республикасының Үкіметі акциздер салудан босату үшін белгілеген нормалардан артық әкелінген акцизделетін тауарлар;
  - 3) кәсіби жабдықтар (өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін еңбек құралдары ретінде пайдаланылатын жабдықтар);
    - 4) станоктар;
    - 5) шикізаттар;
    - 6) шала өнімдер;
    - 7) ауыл шаруашылығы техникасы;
    - 8) құрылыс материалдары;
    - 9) жинақтаушы бұйымдар.

3. Тауарлардың саны мынадай көрсеткіштерден асса:  
киім - бір адамға шаққанда бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 2 (екі) зат (пайдалануда болғандарды қоспағанда);

бас киім - бір адамға шаққанда бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 2 (екі) зат (пайдалануда болғандарды қоспағанда);

аяқ киім - бір адамға шаққанда бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 2 (екі) зат (пайдалануда болғандарды қоспағанда);

тағам өнімдері - бір адамға 10 (он) кг;  
туалеттік керек-жарақтар мен парфюмериялық-косметикалық бұйымдар - бір

адамға бір атаудағы 3 (үш) зат (пайдалануда болғандарды қоспағанда);  
 жиһаз - бір адамға 1 (бір) жиынтық немесе гарнитур;\*)  
 асханалық тұрмыстық ыдыс-аяқтар мен аспаптар - бір адамға бір түрдегі 2 (екі)  
 ) жиынтық немесе сервиз;\*)  
 төсек-орын керек-жарақтары - бір адамға бір түрдегі 2 (екі) жиынтық;\*)  
 фототехника, аудиотехника, бейнетехника, ұйымдастыру техникасы,  
 тұрмыстық техника және электр аспаптары - бір адамға әр атаудан 1 (бір) зат;\*)  
 зергерлік бұйымдар - бір адамға 6 (алты) зат;  
 музыка аспаптары - бір адамға 1 (бір) зат;  
 спорттық мүкәмнал - бір адамға 1 (бір) зат;  
 дәрі-дәрмек құралдары - бір адамға 500 грамм;  
 баспа басылымдары, бейнекассеталар, аудиокассеталар, шағын дискілер,  
 фото пленкалар - бір адамға әр атаудан 10 (он) дана;\*)  
 велосипедтер - бір адамға 2 (екі) дана;  
 балалар ойыншықтары - бір адамға 2 (екі) жиынтық пен модель;\*)  
 балалар арбасы - бір адамға 1 дана;  
 үй шаруашылығында немесе тұрмыста пайдаланылатын жоғарыда аталмаған  
 басқа да заттар - бір адамға әрбір атаудан 2 (екі) зат.

-----  
Е с к е р т у :

Жиынтық - бұл бірдененің толық жинағы, құрамы. Тауардың құрамы ( жиынтықтылығы) "Құрамы" немесе "Жиынтықтылығы" деген атауы бар тізбе түрінде тұтынушыға арналған ақпаратта (этикеткалар, таңбалар, жапсырма қағаздар, паспорт, формуляр, қолдану жөніндегі басшылық) көрсетілуі тиіс.

\*) Көрсеткіштер Қазақстан Республикасына/нан тұрақты тұруға қоныс аударатын жеке тұлғалар оларды өткізген кезде пайдалануда болған тауарларға қатысты қолданылмайды.

Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіппен өткізу ережесіне  
 2-қосымша

**Кеден төлемдері мен салықтарын төлеместен уақытша әкелуге (әкетуге) рұқсат етілетін тауарлардың ТІЗБЕСІ**

1. Киім, бас киімдер, аяқ киім.
2. Жұмсалатын тауарларды қоспағанда, туалет бұйымдары.
3. Жеке зергерлік әшекейлер.

4. Фото-, кино-, бейнекамералар мен оларға жабдықтар.
5. Тасымалданатын слайд- және кинопроекторлар мен оларға жабдықтар.
6. Тасымалданатын бейнемагнитофондар мен оларға жабдықтар.
7. Тасымалданатын музыкалық аспаптар.
8. Күйтабақтарымен бірге тасымалданатын ойнатқыштар.
9. Үнтаспаларымен бірге тасымалданатын дыбыс жазғыш және шығарғыш аппаратура (диктофондарды қоса алғанда).
10. Тасымалданатын радиоқабылдағыштар.
11. Тасымалданатын телевизорлар.
12. Тасымалданатын жазу машинкалары.
13. Тасымалданатын калькуляторлар.
14. Тасымалданатын жеке компьютерлер.
15. Дүрбілер.
16. Балалар арбалары.
17. Мүгедектерге арналған арбалар.
18. Спорт жабдықтары мен керек-жарақтары.
19. Тасымалданатын диализаторлар мен осындай медициналық аспаптар.
20. Ұялы байланыстың мобильді телефондары.
21. Жеңіл автомобильдер мен оларға тіркемелер.

Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіппен өткізу ережесіне

3-қосымша

*Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.21. N 1136 қаулысымен.*

**Қазақстан Республикасының кеден аумағына жеке тұлғалар жеңілдетілген тәртіппен әкелетін тауарларға арналған кеден баждарының бірыңғай ставкалары**

! СЭҚ ТН бойынша тауардың коды !	! Кеден Тауардың қысқаша атауы !	! баждарының бірыңғай ставкасы !	! (кедендік құнның %-ымен не ЕВРО-да)
02-21, 23,	Тамақ өнімдері, тірі ағаштар, іш майлары	2%, бірақ 1 кг	
25-28, 31-40,	мен майлар, тамақ өнеркәсібінің қалдықтары,	үшін 0,02	
50-63, 68-70	шығындылары, тоқыма материалдары мен бұйымдары, тастан, гипстен, цементтен,	ЕВРО-дан кем емес	



	асбестен, слюдадан жасалған бұйымдар, қыш бұйымдар, шыны және одан жасалған бұйымдар	
41-43, 90-92 (9018-9022-ден басқа)	Өңделмеген терілер мен былғары; былғары, аң терісі және олардан жасалған бұйымдар; оптикалық, фотографиялық құралдар мен аппараттар, музыкалық аспаптар мен сағаттар	2%, бірақ 1 кг үшін 0,16 ЕВРО-дан кем емес
44-49	Сүрек және одан жасалған өнімдер; қағаз, картон, баспа өнімдері	2%, бірақ 1 кг үшін 0,03 ЕВРО-дан кем емес
64-67, 85	Аяқ киім; бас киімдер, қол шатырлар және т.б.; электр машиналары мен жабдықтары, аппаратура	2%, бірақ 1 кг үшін 0,07 ЕВРО-дан кем емес
72-83, 94-96	Қымбат емес металдар және олардан жасалған бұйымдар; түрлі өнеркәсіптік тауарлар	2%, бірақ 1 кг үшін 0,04 ЕВРО-дан кем емес
71	Табиғи маржан тастар, асыл тастар, металдар, олардан жасалған бұйымдар, бижутерия монеталар	2%, бірақ 1 кг үшін 2 ЕВРО-дан кем емес

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 3 1 м а м ы р д а ғ ы

№ 7 4 1 қ а у л ы с ы н а

қ о с ы м ш а

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған  
кейбір шешімдерінің  
Тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды, соның ішінде көлік құралдарын да өткізуінің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1712 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 53, 512-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1712 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 тамыздағы N 1204 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 35, 326-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1712 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 мамырдағы N 898 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 23, 207-құжат).

4. "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 20, 176-құжат) 3-тармағының 2) тармақшасы.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 қыркүйектегі N 927 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 33, 300-құжат) 1-тармағының 2) тармақшасы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1712 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 30 қыркүйектегі N 979 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 34, 314-құжат).